

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 наурыздағы N 350

Реформаны тереңдету мен экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимылы Бағдарламасына сәйкес және ет-сүт өнімдерінің, басқа да аса маңызды азық-түлік түрлерінің нарығында бәсекелестікті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет:

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясынан компанияға енетін акционерлік қоғамдарының мемлекеттік мүлікті және мемлекеттік акция пакетін иелену, пайдалану әрі басқару құқын қайтарып алсын;

мемлекеттің қатысуымен жаңадан құрылған "Береке" акционерлік компаниясына Алматыдағы (N 2), Ақмоладағы, Жамбылдағы, Жаңаөзендегі, Жезқазғандағы, Қарағандыдағы, Қызылордадағы, Көкшетаудағы, Павлодардағы, Семейдегі, Талдықорғандағы, Оралдағы, Өскемендегі, Шымкенттегі бөлгіш тоңазытқыштардың негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың Жарғылық қорының 31 проценті мөлшеріндегі мемлекеттік акция пакетін басқару құқы берілсін. Аталған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерінің, сондай-ақ бұрын "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына енген басқа да акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерінің қалған бөлігін өткізу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі;

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының мүліктік құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагерлігін айқындасын;

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамынан шығарылған акционерлік қоғамдарды жедел басқару туралы мәселені бір ай мерзімде шешетін болсын.

2. Мемлекеттің қатысуындағы "Береке" акционерлік қоғамына және бөлгіш тоңазытқыштардың негізінде құрылған акционерлік қоғамдарға шарт жағдайымен (мемлекеттік акция пакеттерінің бөлінуіне қарамастан):

еттің, ет консервілерінің, тоң майдың, тиісті номенклатурадағы және басқа азық-түлік тауарларының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған көлемдегі мемлекеттік резервін сақтау;

мал өнімдерін әскери және арнаулы тұтынушыларға олардың өтініші мен ресурстарының жай-күйіне сәйкес бірінші кезекте өткізу жүктелсін.

3. Былай деп белгіленсін:

халықты, соның ішінде дотациядағы аймақтарды қамтамасыз етуге арналған ет, сүт және басқа мал өнімдерінің ресурстары сауда кәсіпорындарының тауар өндірушілерден және өткізуші ұйымдардан еркін сатып алу тәртібімен қалыптастырылады;

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының орталықтандырылған (директивті) және шетел тауар кредиттерін қайтару жөніндегі құқықтық мұрагерлері мемлекеттің қатысуындағы "Береке" акционерлік компаниясы, бөлгіш тоназытқыштар негізінде құрылған акционерлік қоғамдар, сондай-ақ бұрын "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына енген акционерлік қоғамдар болып табылады, бұлар 1 және 2 қосымшаға сәйкес олардың уақтылы қайтарылуын қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілікті түгелдей мойнына алады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі коммерциялық банктермен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасына шетел кредиттерін тарту жөніндегі жұмысты ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 қаулысының талаптарына сәйкес "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына және оның құрамына енген акционерлік қоғамдарға бұрын берілген шет елдің тауар кредиттеріне қайта

ресімдеу жүргізілсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" 1993 жылғы 30 тамыздағы N 746 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 391-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 наурыздағы
N 350 қаулысына
N 1 қосымша

Шетелдік тауар кредиті бойынша алынған
тауарлар үшін төлем жөніндегі берешек

Акционерлік қоғамның атауы | Әлем | Тұранбанк |
| Банк | (балалар | Қайтару мерзімі
| Қазақс. | тағамы үшін |

(кұрғақ|АҚШ-тың мың|
 |сүт үшін долларымен|
 |АҚШ-тың| |
 |доллары. |
 | мен | |

1	2	3
Ақмоланың "Қазетсүтбалықөнеркәсіп. сауда" АҚ	142,9	1995 жылғы
Ақтөбедегі "Береке" АҚ	238,1	1995 жылғы
Шығыс Қазақстандағы "Береке" АҚ	119,1	1995 жылғы
Жамбылдағы "Жомарт" АҚ	142,9	1995 жылғы
Жезқазғандағы "Ұлан" АҚ	316,7	1995 жылғы
Қарағандыдағы "Береке" АҚ	47,6	1995 жылғы
"Береке" АҚ бойынша жиыны	285,7	
Қостанайдағы "Қайсар" АҚ	190,5	1995 жылғы
Маңғыстаудағы "Бірлік" АҚ	119,1	1995 жылғы
Павлодардағы "Дамир" АҚ	95,3	1995 жылғы
"Дамир" АҚ бойынша жиыны	119,1	
Солтүстік Қазақстандағы "Азат" АҚ	142,9	1995 жылғы
Семейдегі "Азат" АҚ	119,1	1995 жылғы
Талдықорғандағы "Дархан" АҚ	43,6	1995 жылғы

Торғайдағы "Мереке" АҚ	142,9	1995 жылғы
31 мамыр		
Оңтүстік Қазақстандағы "Мұғраж" АҚ	71,4	1995 жылғы
3 сәуір		
"Мұғраж" АҚ бойынша жиыны	142,9	
Екібастұздағы "Дана" АҚ	119,1	1995 жылғы
18 сәуір		
"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясы	1790,2	1994 жылғы
12 қыркүйек		
Жиыны	2106,9	2163,2

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 наурыздағы
N 350 қаулысына
N 2 қосымша

Орталықтандырылған (директивті) кредиттер бойынша

1995 жылғы 1 наурыздағы төлем берешегі

Акционерлік қоғамның атауы	Барлығы	Соның
	миллион	ішінде
	Қайтару мерзімі	
	теңгемен	кредит
	үшін	
	процент	

Алматының "Береке" АҚ	76,3	76,3	1995 жылғы
-----------------------	------	------	------------

	25 ақпан			
Алматыдағы "Көмек" АҚ	93,8	39,4	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Балқаштағы "Береке" АҚ	44,3	20,1	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Шығыс Қазақстандағы "Береке" АҚ	5,0	5,0	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Жезқазғандағы "Ұлан" АҚ	16,2	16,2	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Қарағандыдағы "Береке" АҚ	117,5	61,0	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Қызылордадағы "Береке" АҚ	14,0	14,0	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Маңғыстаудағы "Бірлік" АҚ	35,5	17,8	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Семейдегі "Азат" АҚ	25,5	17,8	1995 жылғы	
	25 ақпан			
Оңтүстік Қазақстандағы	4,4	4,4	1995 жылғы	
"Мұғраж" АҚ			25 ақпан	
"Береке" мемлекеттік акционерлік	20,8	10,8	1994 жылғы	
компаниясы			20 желтоқсан	
Жиыны	463,3	282,8		